

Мемлекеттік акционерлік "Қазақстан жолдары" компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің ЖАРЛЫҒЫ 1993 жылғы 21 маусым N 1251. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.05.12. N 2270 Жарлығымен.

Жаңа нарықтық құрылымдарды қалыптастыру жағдайында Қазақстан Республикасы көлік құрылысын мемлекеттік реттеу автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп ұстаудың тиімділігін арттыру мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Көлік құрылысы министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары негізінде мемлекеттік акционерлік "Қазақстан жолдары" компаниясы құрылсын.

Мемлекеттік акционерлік "Қазақстан жолдары" компаниясына республиканың көлік-жол және көпір құрылысы жөніндегі қажетін қамтамасыз ету, жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары желісін дамыту мен жетілдіру, оның ішінде оларды жөндеу мен күтіп ұстау жөніндегі жұмысты үйлестіру, жол қорын жинау және оны тиімді пайдалану, жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары мен бұлардағы ғимараттар бойынша тапсырыс беруші функциясын орындау жүктелсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

- Қазақстан Республикасының Көлік құрылысы министрлігімен бірлесе отырып, бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасында Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі 1993 - 1995 жылдарға (II кезең) арналған ұлттық бағдарламаға сәйкес компанияны құру туралы құрылтай құжаттар пакетін әзірлейтін болсын;

- компания құрамына кіретін кәсіпорындар тізбесін бекітсін;

- мемлекеттік мүлік болып табылатын жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары мен олардағы ғимараттарды иелену, пайдалану және басқару құқығын беретін болсын (бұлардың құнын компанияның Жарғылық қорына енгізбестен);

- Қазақстан Республикасы көлік құрылысы министрлігінің үйлерін, ғимараттары және басқа мүліктерін компанияның Жарғылық қорына мемлекеттік жарна ретінде берсін;

- компания құрамына кіретін акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакетін корпорацияның Жарғылық қорына өткізсін;

- компанияның құрамына кіретін кәсіпорындардың мемлекеттік мүлкін

иелену, пайдалану және басқару құқығын берсін. Бұл кәсіпорындар Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі ұлттық бағдарламаға сәйкес акционерлік қоғам етілетін және жекешелендірілетін жағдайда акционерлік қоғамдардың солардың негізінде құралатын мемлекеттік акциялар пакеті компанияның иеленуіне, пайдалануына және басқаруына беріледі деп белгіленсін.

3. Мемлекеттік акционерлік "Қазақстан жолдары" компаниясы құрылуына байланысты Қазақстан Республикасының Көлік құрылысы министрлігі таратылсын.

Компания Қазақстан Республикасы Көлік құрылысы министрлігінің мүлік жөніндегі құқылы мұрагері болып анықталсын.

4. Мемлекеттік акционерлік "Қазақстан жолдары" компаниясы президентін Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті осы Жарлықты жүзеге асыру жөнінде шешім қабылдайтын болсын.

6. Мемлекеттік басқару органдары мен әкімдер жалпы пайдаланудағы жолдарды, олардағы ғимараттарды салу, жөндеу және күтіп ұстау жөнінде "Қазақстан жолдары" компаниясына жәрдемдесіп отырсын.

7. Қазақстан Республикасы Президентінің "Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы" 1992 жылғы 7 ақпандағы N 600 жарлығының 4-тармағы 5-абзацының және 7-тармағы 17-абзацының күші жойылған деп танылсын (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ, 1992 ж. N 4, 54-бап).

8. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті